


Тақырыбы: Психологияның ғылым ретінде негізгі салалары.
Психологияның ғылыми зерттеу әдістері

Орындаған: Нұрмахамбетұлы Нұрдаулет

АДАМНЫҢ ІШКІ ЖАН ДҮНИЕСІН, ОНЫҢ
СЫРТТАЙ БОЛМЫСПЕН ӨЗАРА
ЫҚПАЛДАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУМЕН
АР-НАЙЫ ҒЫЛЫМ - **ПСИХОЛОГИЯ**
(ГРЕК.-PSICHE, LOGOS-ҒЫЛЫМ)
АЙНАЛЫСАДЫ.

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ПСИХОЛГИЯНЫҢ КЕЛЕСІДЕЙ
ҚОЛДАНБАЛЫ САЛАЛАРЫ:** ЭКОНОМИКАЛЫҚ,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ, ӘСКЕРИ, ҒАРЫШТЫҚ,
СПОРТТЫҚ, ӨНЕР, БАСҚАРУ, МЕНЕДЖМЕНТ, Т.Б. - ЖЕДЕЛ
ДЕ ӨНІМДІ ҚАРҚЫНМЕН ДАМУДА.



БАҚЫЛАУ ӘДІСІНІҢ НЕГІЗГІ ТИІМДІЛІГІ -
ПСИХИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ ТАБИҒИ
ЖАҒДАЙЛАРДА ЗЕРТТЕУ МҮМКІНДІГІНІҢ МОЛ
БОЛУЫ.

- **Араласа бақылау** - зерттеушінің зерттелуші топпен етене жақын қатынастар әрекетінде болуы.
- **Сырттай бақылау** - әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды шеттен, зерттелуші адам не топпен қарым-қатынасқа түспей-ақ зерттеп, мәліметтер жинақтау.
- **Өзіндік бақылау** (интроспекция) - адамның өзін-өзі бақылап, өзінің ішкі жан дүниелік үдерістерін тану жолы.

АТ АСЫНДАҒЫ ҚАҒДАЙЛАР ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА ЗЕРТТЕУШІНІҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ АШЫЛУЫНА
ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА ЗЕРТТЕУШІНІҢ
СЫНАЛУШЫ АДАМНЫҢ НЕ ТОПТЫҢ ІС- ӘРЕКЕТІНЕ
БЕЛСЕНДІ АРАЛАСУЫ.

- **Зертханалық эксперимент** - арнайы жағдайларда жүргізіледі, арнайы жабдықтар пайдаланылады, сыналушының әрекеттері нұсқаулармен белгіленеді, сыналушы экспериментке түсетінін біледі, бірақ оның толық мәнін аңғармауы да ықтимал.
- **Табиғи эксперимент** - еңбек, оқу, қарым-қатынастың әдеттегі жағдайларында жүргізіледі, ал адам өзінің эксперименттік сыналуда екенін сезбейді.

- **Тестілеу әдісі** - адамның белгілі психикалық сапаларын сынақтан өткізіп, анықтау.
- **Психологиялық тест** - сыналушының жеке басының кейбір ерекшеліктерін анықтау үшін орындалатын, әдетте, қысқа мерзімді шағын стандартты сынақ тапсырмалары беріледі. Бұл күнде психологияда адамның ақыл-ес даму деңгейін, кеңістікте бағыт-бағдар аңдау қабілетін, психикалық әрекетке келу мүмкіндіктерін, жадын, кәсіби іс-әрекеттерге қабілетін, тұлғалық сапаларын анықтаушы тестер жиі қолданылуда.
- **Құжаттарды талдау әдісі** - адамның қызмет, іс-әрекеттік өнімдерін талдауға арналған жалпы психологиялық әдістердің бір түрі. Құжаттарды талдау әдістері сапалық және сандық болып ажырайды. Сапалық талдауда баяндалған мәтіндік ақпарат сандық көрсеткіштерге келтіріліп, кейін статистикалық өңдеуге түседі. Бұл ғылымда контент-талдау атауын алған математика-статистика

- **Құрастырып жобалау әдісі** - осы күнгі психологиялық зерттеулерде кең қолданымдағы жалпы ғылымдық әдіс. Оның мәні - психикалық құбылыстарды таңба күйіне келтіру немесе адам іс-әрекеттерінің әрқилы түрлерін жасанды құрастырылған ортада ұйымдастыру. Осы жолмен қабылдаудың, жадтың, қисынды ойлаудың кейбір қырларын қолдан жобалап жасауға, сондай-ақ психикалық іс-әрекеттің бионикалық модельдерін тұрғызуға болады.
- **Сауалнама әдісі** - әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде кең қолданылатын әдіс. Оның мәні - объектив не субъектив деректер жөнінде сауалға тартылған адам аузынан ақпар топтау.
- **Өмірнамалық әдіс** - кейінгі уақыттары тұлғаны зерттеуде көп қолданылатын әдістердің бірі. Мұнда жеке адамның қалыптасуындағы өзекті жағдаяттар, оның өмір жолы, дамуындағы дағдарысты кезеңдер, әлеуметтенуіндегі ерекшеліктер анықталады. Адам өміріндегі күнделікті оқиғалар талданып, болашақта кезігер жағдайлар болжастырылады, өмірлік кестесі түзіледі, каузометриясы жасалады.

Социометрия

- - әлеуметтік психологиядағы зерттеу әдісі - бірлікті іс-әрекетке не оқиғаға араласу (араласпау) мүмкіндіктерін анықтау мақсатында шағын топтың әрбір мүшесін жеке сауалға тарту әрекеттері.

Каузометрия

- (лат. causa-себеп, грек. metro-өлшем) -оқиғалар арасындағы қатынастардың себептік сарабы, тұлғаның психологиялық мерзім -кезеңдерінің талдауы беріледі, оқиғаларға қатысы бар жағдайлар анықталады, тұлға дамуының не тоқырауының кейбір кезеңдерінің бастау оқиғалары айқындалады

ҚОЛДАНЫЛУДА. БҮЛ ӘДІСТІҢ МӘНІ -
ПСИХИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕКЕ
АДАМНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ӘР
КЕЗЕҢДЕРІН САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТ- ТЕҢ.

- Қандай да психологиялық проблеманы зерттеуде сол мәселеге сәйкес зерттеу тәсілдері мен ережелері, яғни нақты зерттеу әдістері қолданылады. Олар: болжам ұсыну, эксперименталдық тәсіл мен соған сай материал, сыналушылардың бастапқы бақылау және экс- перименттік топтарын айыру, эксперимент серияларын анықтау, эксперименталды материалдарды статистикалық және теориялық өңдеуден өткізу және т

○ Назарларыңызға рахмет!!!